

*А. Ж. Бейсенбаев, қылмыстарды алдын ала тергеу кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ЛАҢКЕСТІК ТОПТАР ТУРАЛЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТҚА ДЕЙІНГІ ӨНДІРИСТЕ ТЕРГЕУЛІК БОЛЖАМДАРДЫ ЖҮЙЕЛЕУ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында Қазақстан Республикасы Конституциясының принциптері мен құқықтық ой тұжырымдамаларын, мемлекеттің заң шығару, ұйымдастырушылық және басқа да тәсілдері арқылы әрі қарай іске асыру керектігін көрсеткен¹.

Құқықтық саясатқа жинақы түрде қадам басу, мемлекетті дамытудың жалпы стратегиясы құрылымы шегінде барлық нормативті-құқықтық базаны қайта жаңғырту мүмкіншілігін туғызады. Оның ішінде, лаңкестіктен қоғам мен мемлекетті қорғап, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ететін, нәтижелі, көзге жеткілікті және есеп берушілік негізінде мемлекетті басқарудың сапалы жаңа үлгісін қатарға қосу болып табылады.

Лаңкестік өзінің кез-келген үлгісінде пайда болуы көлемі шеңберінен қоғамдық-саяси және моральді проблемаға әкеліп соқтыратын ең аса қауіпті бір нысанға айналды. Лаңкестік және экстремизм көптеген мемлекеттерге және азаматтарға қауіп төндіру үстінде. Сонымен қатар үлкен саяси, экономикалық және моральдік шығындарға әкеліп соқтыруда және көптеген адамдарға психологиялық әсерін тигізуде.

«Лаңкестік (терроризм) — бұл зорлық немесе оны ұйымға немесе жеке тұлғаға қарсы жасау қаупі, сонымен қатар жою (бүлдіру) немесе мүлік пен материалдық объектілерді жою (бүлдіру) қаупі, адамдарды апатқа ұшырату қаупін туғызу, елеулі мүліктік зиян келтіру немесе басқа да қоғамдық қауіпсіздікті бұзу мақсатында қоғамға қауіпті әрекеттер туғызу; тұрғындарды үрейлендіру; лаңкестерге тиімді немесе заңға қайшы және (немесе) басқа да мүдделерін қанағаттандыратын билік органдарының қабылдаған шешімдеріне әсер келтіру; мемлекеттік немесе басқа да саяси қызметін тоқтату мақсатында, немесе мұндай қызметіне өш алу үшін жасалған қоғам немесе мемлекеттік қайраткердің өміріне шабуыл жасау; халықаралық қорғауды қолданылатын шетел мемлекетінің өкілдеріне немесе халықаралық ұйым қызметкерлеріне шабуыл жасау (егерде бұл әрекет соғысты арандататын немесе халықаралық қатынасты бұзу мақсатында жасалса). Террор — сөзі латыннан алынған *terror* - «үрей», «қорқыныш» сөзінен шыққан².

Лаңкестік (теракт) жалғыз лаңкес (террорист) тұлғамен жасалуы мүмкін Сондай-ақ лаңкестік (террористтік) топпен, лаңкесік (террористтік) ұйыммен жасалуы мүмкін. Қазіргі уақытта ұлтаралық лаңкестік ұйымдар туралы көп айтылуда (мысалы, Аль-Каида). Лаңкестік топтар (ұйымдар, қоғамдар) бағыт мақсатына қарай, қаржыландыру көзіне қарай, әрекет ету сипатына қарай, әрекет ету аумағына қарай, құрылымы және басқа да негіздері бойынша бөлінеді.

Лаңкестің жалпы бейнесін, тұлғасын нақты суреттеу бірқатар себептерге байланысты қиын: 1) лаңкестік әртүрлі дейгейде орын алады, ауқымды халықаралық зорлық әрекетінен бастау (Ирактағы «Шөлдегі дауыл» операциясын немесе бұрынғы Югославиядағы НАТО-ның әуе күштерінің әрекеттерін еске түсірсек болады) және аяқ астынан жасалған жекелей жалғыз лаңкестік әрекеттер (Мәскеу метросындағы жарылыстар); 2) лаңкестік шабуылдар көптеген үлкен әдістермен жасалуы мүмкін; 3) террористтік әрекеттермен ұйымдасқан топтар айналысады. Оларға ұйымдастырушылар, орындаушылар және оған жәрдемдесушілер, осы тізбекке тапсырыс берушінің тұлғасы да кіреді. Лаңкес немесе лаңкестік ұйымға қатысушылар фанатик, қандай да бір белгілі маман, жалдамалы қылмыскерлер болуы мүмкін.

Лаңкестік қылмыстардан жәбірленушілер үш санатқа бөлінеді: 1) кездейсоқ жәбірленуші; 2) белгілі бір әлеуметтік, ұлттық, этникалық немесе басқа да топтағы жәбірленушілер; 3) шетел мемлекеттері немесе халықаралық ұйымдар өкілдері, мемлекеттік емес қоғам қайраткерлері.

Лаңкестік әрекеттер қатарына кіретіндер: лаңкестік әрекеттерді ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау және іске асыру; лаңкестік әрекеттерге азғырушылық, ұйымдарға және жеке тұлғаларға зорлық көрсету мен лаңкестік мақсатта мүліктерді жойып жіберу; лаңкестік әрекеттер жасау үшін заңсыз қарулы күштерді, қылмыстық ұйымдарды (топтарды) ұйымдастыру; лаңкестерді қаруландыру, үйрету немесе оқыту, ұйымға топқа тарту, азғыру және оларды пайдалану; лаңкестік топтарды, ұйымдарды әдейі қаржыландыру немесе оларға басқалай көмек көрсету.

Лаңкестікті халықаралық сияқты мемлекет ішіндегі ұйымдастырушылық және басқа да әрекеттер қатарына жатқызуға болады. Олар кісі өлімі және кісі өлтіруге оқталған, дене жарақатын келтіруге, зорлық-зомбылық жасауға және адамдарды кепіл ретінде ұстауға, адамдарды еркінен тыс бостандығынан айыруға, садизм, қинау жасауға және тағы басқа әрекеттер жасауға арнайы ұйым немесе топ құруға бағытталған. Лаңкестік ғимараттарды басқа да объектілерді тонап қиратумен ілесуі мүмкін.

Бұдан басқа лаңкестіктің жалпы келбетіне мыналарды жатқызуға болады:

әрекеттер және талап қоюларының ашықтығы, жариялылығы; физикалық зиян келтіру (адамдарды жойып жіберу, денсаулығына зиян келтіру) немесе белгілі бір мөлшердегі тұлғаларға қатысты психикалық зиян келтіру, оның ішінде кездейсоқ, кінәсіз адамдарға; билікке (мемлекетке) немесе адамдарға (тұрғындарға) әсер ету құралы ретінде объектілерге материалдық зиян келтіру (оларды қатардан шығару).

Лаңкестік бағыттағы кез-келген қылмыстарды тергеу барысында мыналарды анықтауға іс шаралар қабылдау керек: лаңкестік жасау әдісі, мұны жасау барысында қолданылған құралдар, құралдарды алу көздерін және оларды қаржыландыру көздерін, тапсырыс берушілерді, ұйымдастырушыларды, оларды басқарушылар және орындаушыларды, қылмыс жасау барысындағы әрқайсысының рөлін, жасаған әрекеттің аумағын, олардың мақсаты мен себепін, қойылған талаптардың мазмұны және оларды беру тәсілін, лаңкестік шабуыл әрекетінің объектісі кім болып табылатындығын, терактінің құрбаны кім болғандығын, келтірілген шығынның мөлшері мен сипаттамасын, теракт туралы кім хабарлағанын, нақты не туралы хабарлағанын анықтау қажет. Лаңкестік әрекет жасау әдісіне байланысты басқа да ақпараттар анықталуға жатады. Қылмыс тәсілдерінің криминалистикалық ерекшеліктері болып зерттеу барысында келесілер анықталды: 1. Мұқиятты дайындық, оған кіретіндер: а) лаңкестік әрекеттерге дайындық және б) қылмысқа дайындық; 2. Субъектілер бірге болу барысында қылмыстарды жасау әдісінің әртүрлілігі, сонымен қатар олардың мақсаты мен себептерін біріктіретіндер.

Лаңкестер мен құрбандарды таңдау бойынша барлық қылмыстарды төрт санатқа бөлуге болады: 1) құрбандарды кездейсоқ таңдау; 2) қоғамдық-саяси дүрліктіру әрекетін күшейту мақсатында әлеуметтік топтар немесе басқа санаттағы құрбандарды таңдау; 3) құрбан — лаңкестердің нақты мақсаты болып табылады; 4) құрбандардың шеңбері нақты анықталмаған. Зерттеулердің шеңберінде қылмыстың жағдайлары элементтерінің арасындағы өзара байланыс бөлініп алынған. Лаңкестік ұйымдар, топтар болуы ұзақтылығына қарай, оларға қатысушылардың саны сияқты қылмыстың субъектілерін мінездейтіндерді анықтауға бола-

ды. Көптеген лаңкестік ұйымдар 6 айдан астам уақыт әрекет етеді. Ал қатысушылардың саны аз, нашар ұйымдастырылған қылмыстық топтар 6 айдан аз уақыт әрекет етеді. Бір реттік қылмыстар көптеген жағдайда жалғыз қылмыскермен іске асырылады.

Қылмыстың құрбандарын таңдау бойынша қылмыстың себептеріне қатысты болжамдар құруға болады. Қылмыскерлермен нақты тұлғаны таңдап алу — олардың мақсаты туралы айтуға болады. Осыған байланысты міндетті түрде: құрбан мен қылмыскер бұрын таныс болды ма?; олардың арасында келіспеушіліктер болды ма? — деген болжамдары зарттелінеді. Егер де бұл болжамдар нақтыланбаса, тергеуші саяси немесе идеологиялық қарама-қайшы көзқарастар бойынша болжамдарды қарастырады. Құрбандардың денсаулығы мен өміріне келтірілген шығын елеусіз болған жағдайда қылмыс бір ғана тұлғамен немесе нашар ұйымдастырылған топпен жасалынды деген болжамды қарастыруға болады. Ал керісінше жағдайда, яғни келтірілген шығын мен зиянның көлемі үлкен кезде лаңкестік ұйымдар немесе қылмыс топтары туралы сөз айтуға болады. Сондықтан лаңкестік қылмыстардың әртүрлі криминалистикалық элементтер арасындағы кәдімгі байланыстарын білу, алдын ала тергеу органдарының тиісті тергеулік болжамдар құруға қосымша мүмкіншіліктер туғызады.

Зерттеу барысында көптеген қазіргі заңгер ғалымдар, қылмыстық істі қозғау сатысына жекелей дербес саты түрінде қылмысты тергеудің әдістемелі жүйесін енгізу керектігіне ұсыныс жасаймыз. Осы қылмыстық іс жүргізу сатысына қылмыстарды тергеудің одан арғы тиімділігі қалыптасады. Біз де осы жоғарыда көрсетілгендерді ұстанып, лаңкестік қылмыстар бойынша қылмыстық іс қозғау сатысына дербес саты түрінде тергеу әдістемесінің өзін қосу керектігіне ұсыныс жасаймыз.

Лаңкестік қылмыстар туралы қылмыстық іс қозғау сатысын зерттеу Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің талаптарына сай жүйе бойынша жүргізілді: қылмыстық іс қозғау үшін себептер мен негіздер (осы сатыдағы қылмыстар туралы алғашқы ақпарат көздері); лаңкестік қылмыстар туралы алғашқы ақпараттарды алу сатысындағы кәдімгі жағдайлар; лаңкестік деректер туралы арыздар (хабарламалар) тексерудің кәдімгі тактикасы мен алдын ала тексеру мерзімдері; лаңкестік деректер туралы арыздар (хабарламалар) алдын ала тексерудің негізгі қиыншылықтары. Қазақстан Республикасының ҚІЖК-де қылмыстық іс қозғау үшін келесі себептерді атап көрсеткен: қылмыс туралы арыздар; өз кінәсін мойындап келу; мемлекеттік органның лауазымды адамның немесе ұйымда басқару функцияларын атқарып отырған адамның хабарламасы; бұқаралық ақпаратындағы хабар; лауазымды адамдардың және қылмыстық іс қозғауға құқық берілген органдардың қылмыс туралы мәліметтерді тікелей анықтауы.

Лаңкестік қылмыстарды тергеудің алғашқы сатысында тергеу әрекеттерін жүргізу — басты негізгі мағына ретінде орын алатындығы зерттеу барысында анықталды. Тергеудің алғашқы сатысында оқиға болған жерге қарау жүргізу, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алу, сонымен қатар сараптамалар тағайындау жиі жүргізіледі.

Мұндай қылмыстар басқа қылмыстардан айырмашылығы жоқ ретінде олардың белгілері анықталып, қылмыстық іс қозғалады. Біздің көзқарасымыз бойынша аса қиыншылық тудырмайды. Сөйте тұра, мұндай санаттағы қылмыстар тергеу жүргізу барысында аса қиындық тудыратын қылмыстар екенін ұмытпауымыз қажет. Ол жоғары кәсіби шеберді, тергеуде оңтайлы техникалық жабдықтарды, ІІО үлкен күш құрылымын және басқа да жүйелердің қатысуын қажет етеді. Тергеу топтары мүшесімен тергеуді ұйымдастыру барысында жәбірленушілердің, куәлардың, айғақтардың және басқа да тергеуге қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керектілігі туралы есте сақтаған жөн. Тергеу ақпараттардың құпиялылығын қатаң сақтаумен жүргізілуі керек. Бұл шарттарды бірдей орындау тергеу нәтижесінің оңтайлылығына жетуіне жағдай жасайды.

Сондықтан бұл тапсырма біртұтас жүйелі ұйымдастырушылық, құқықтық алдын алу, тәрбиелеу іс шаралары, қоғамдық ұйымдар және мемлекеттік органдардың өзара іс әрекеттестігін қажет етеді.

Біздің көзқарасымыз бойынша оларға мыналарды жатқызуға болады:

- лаңкестікті қадағалау бойынша заңдық және халықаралық құқықтық базаны жетілдіру;
- бірлесіп әрекет етудің барлық бағыты бойынша діни ұйымдар мен мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесуі, бірінші кезекте ұйымдасқан қылмыс пен діни лаңкестік, экстремистік топтардың пайда болуымен күресті нығайту;
- шетелдерден лаңкестер мен экстремистерді қаржыландыру көздерін тоқтату шаралары бойынша түпкілікті құқық қорғау органдарымен шешім қабылдау³;
- тұрғындарды ұлттық, патриоттық, отансүйгіш сезімінде тәрбиелеу.

- 1 2010-2020 жылдарға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің №858 Жарлығы. 2009. 24 тамыз. // Казахстанская правда. 2009. 27 тамыз.
- 2 «Лаңкестікке қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының №416-1 Заңы. 1999. 13 шілде. (2009. 10 шілде. өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) // online.zakon.kz
- 3 «Лаңкестікті қаржыландыру және заңсыз жолмен алынған қаражаттарды заңдастыруға қарсы әрекет ету туралы» Қазақстан Республикасының № 191-4 Заңы. 2009. 28 тамыз. // <http://www.mtbk.kz/ru/documerits' labs/56-protivodeistvie>